

IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 118 "Алматы қаласында жануарларды ұстау Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XII сессиясының 2008 жылғы 10 қазандағы N 150 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 21 қазанда N 798 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 167 шешімімен

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Алматы қаласы мәслихатының 2012.09.14 № 56 шешімімен күші жойылуы көзделген (01.01.2013 бастап күшіне енеді).

Күшін жою туралы шешімнің күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2012.12.12 № 86 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 28.08.2013 N 167 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының "Алматы қаласында жануарларды ұстау Ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 2 шілдедегі N 118 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 787 рет санымен 2008 жылдың 14 тамызында тіркелген, 2008 жылдың 28 тамызында "Алматы ақшамы" газетінің N 98 нөмірінде және 2008 жылдың 30 тамызында "Вечерний Алматы" газетінің N 104-105 нөмірлерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген Алматы қаласында жануарларды ұстау Е р е ж е с і н е :

7 тармақ келесі мәтіндегі абзацпен толықтырылсын "Иттер мен мысықтардың санын реттеу оларды иелерінің қалауы бойынша олардың есебінен ветеринарлық емханаларда зарарсыздандыру арқылы жүзеге асырылады";

22 тармақ алынып тасталсын;

17 тармақтың 7 тармақшасындағы үшінші абзац алынып тасталсын;

5 тараудың тақырыбы жаңа редакциядағы келесі мазмұнда жазылсын:

"5 тарау. Алматы қаласында жануарларды ұстау Ережесінің орындалуы";

3 3 т а р м а қ т а :

"Пәтер иелері кооперативі, тұрғын үй кооперативі, жеке жайлар иелері кооперативі, кондоминиумдар:" сөздері "Осы Ережелерді сақтауға өкілетті органдарға жәрдемдесу мақсатында пәтер иелері кооперативтері, тұрғын үй кооперативтері, жеке жайлар иелері кооперативтері, кондоминиумдар:" сөздерімен ауыстырылсын;

1 тармақша жана редакциядағы келесі мазмұнда жазылсын:

"1) өз қарамағындағы үйлерде пәтер иелері ұстайтын жануарлардың саны туралы мәліметтерді жинайды және оларды тіркеуді жүзеге асыру үшін өкілетті органдарға (тіркеу органдарына) береді;".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>IV</i>	<i>сайланған</i>	<i>Алматы</i>	<i>қаласы</i>
		<i>мәслихаты</i>	<i>XIII</i>	<i>сессиясының</i>
<i>төрағасы</i>		<i>Б. Оспанов</i>		
	<i>IV</i>	<i>сайланған</i>	<i>Алматы</i>	<i>қаласы</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>		<i>Т. Мұқашев</i>		